

## Қостанай ауданының Мичурин ауылдық округі Мичурин ауылының құрамдас бөлігін қайта атау туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы Мичурин ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 2 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 14 ақпанда № 7511 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Қостанай ауданының Мичурин ауылдық округі Мичурин ауылы халқының пікірін ескере отырып, облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 16 қарашадағы қорытындысы негізінде Мичурин ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай ауданының Мичурин ауылдық округі Мичурин ауылының 50 лет Октябрия көшесі Арман көшесіне қайта аталсын.

2. "Қостанай ауданының Мичурин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімнің шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін Қостанай ауданы аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы шешім ресми жарияланғанынан кейін Қостанай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мичурин ауылдық округінің әкімі*

*В. Клочко*